

DOI: <https://doi.org/10.47344/39kpxr89>

FTAMP: 10.23.47

Банкроттық рәсіміндегі борышқор мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздері: теория және сот тәжірибесі

Асылбек Болатов¹¹SDU University, Қаскелең, Қазақстанemail: 241401002@sdu.edu.kz

Аңдатпа

Мақалада банкроттық рәсіміндегі борышқор мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздері талданады. Автор банкроттық саласындағы мәмілелердің құқықтық табиғатын, олардың борышқор мен несие берушілер арасындағы мүліктік қатынастарға әсерін және сот тәжірибесіндегі қолданылу ерекшеліктерін зерттейді. Мақалада «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ Заңының (*бұдан әрі – банкроттық туралы заң*) 7-бабы 2-тармағында көзделген алты арнайы негіздің мазмұны мен ерекшеліктері ашып көрсетілген. Әсіресе тең емес қарсы орындау, жарғылық өкілеттілікті бұзу, мүлікті өтеусіз не төмен бағамен беру, артықшылықпен төлем жасау және жалған мәмілелердің құқықтық салдары нақты сот істері арқылы мысалға алынған. Автор сот тәжірибесіндегі дәлелдеу міндетін бөлу, бағалау қызметінің нәтижелерін пайдалану және мәміле бағасының нарықтық сәйкестігін анықтау мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырады. Сондай-ақ, банкроттық басқарушының талап қою стратегиясы мен соттардың дәлелдерді бағалау тәсілдері талданған. Мақалада борышқор мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының құқықтық маңызы айқындалып, оның несие берушілердің мүдделерін қорғаудағы рөлі мен банкроттық рәсіміндегі әділдік қағидаттарын қамтамасыз етудегі орны туралы тұжырым жасалады. Зерттеу нәтижесінде банкроттық дауларында қолданылатын арнайы негіздердің өзара байланысы мен айырмашылықтары жүйеленіп, сот тәжірибесін жетілдіру қажеттігі көрсетілген.

Кілт сөздер: мәміле жарамсыздығы, банкроттық рәсім, борышқор, арнайы негіздер, сот тәжірибесі

Кіріспе

Банкроттық құқық – нарықтық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ететін, кәсіпкерлік қатынастардағы жауапкершілік пен әділдік қағидаттарын бекітетін маңызды құқық саласы. Осы құқық саласының негізгі құралдарының бірі – борышқор мәмілелерін жарамсыз деп тану институты. Бұл институт борышқордың төлем қабілетсіздігі жағдайында оның мүлкі мен міндеттемелерінің әділ бөлінуін қамтамасыз етуге, несие берушілердің заңды мүдделерін қорғауға және құқықтық тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған.

Тәжірибеде борышқор тарапынан жасалған мәмілелердің барлығы бірдей заңға қайшы деп таныла бермейді. Кей жағдайларда мәміленің мәні мен мақсатының күрделілігі, сондай-ақ оның жасалу жағдайлары құқықтық бағалауда әркелкі пікірлер тудырады. Осы себепті борышқор мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін айқындау тек теориялық маңызға ғана емес, сот тәжірибесінің тұрақтылығы тұрғысынан да өзекті мәселе болып отыр.

Ғылыми мақала осындай қайшылықтардың мәнін ашуға бағытталған. Мақалада банкроттық рәсінде борышқор мәмілелерін жарамсыз деп танудың қандай арнайы негіздері бар екендігі және олардың сот тәжірибесіндегі қолданылу сауалдары зерттеледі. Жалпылай алғанда, экономикалық тепе-теңдік бұзылған, несие берушілердің құқықтары айқын зиян шеккен жағдайларда ғана мәміле жарамсыздығы туралы мәселе көтеруге болады. Мақаланың мақсаты ретінде борышқор мәмілелерін жарамсыз деп танудың құқықтық табиғатын ашу, банкроттық туралы заңда көзделген арнайы негіздердің мазмұнын теориялық және практикалық тұрғыда жүйелеу, сондай-ақ олардың сот тәжірибесінде қолданылу ерекшеліктерін анықтау алынды. Мақала жазу барысында автор сот актілерін талдау мен жүйелеуге, мейлінше, көп көңіл бөлді.

Тақырыптың өзектілігі борышқор мәмілелерін даулауда құқықтық өлшемдердің бірізді болмауымен, дәлелдеу стандарттарының әртүрлі қолданылуымен және сот практикасының кейде қарама-қайшы шешімдер қабылдауымен сипатталады. Сондықтан мұндай зерттеулер құқық қолдану саласында құқықтық айқындылықты күшейтуге, соттардың шешім қабылдау практикасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бұл мақаланы әзірлеу барысында азаматтық заңнама және банкроттық туралы заң ережелері, сондай-ақ банкроттық рәсімдеріне байланысты қабылданған сот актілері мен құқықтық ұстанымдар кешенді түрде талданды. Мақаланың тақырыбына байланысты отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері, монографиялары және ғылыми мақалаларына баса назар аударылды.

Зерттеу жалпы ғылыми әдістермен қатар, арнайы ғылыми тәсілдерге де сүйеніп жүргізілді. Атап айтқанда, талдау мен синтез, индуктивтік тәсіл, жүйелік-құрылымдық және формальды-зәңі әдістер кеңінен қолданылды. Әсіресе, банкроттық рәсіндегі мәмілелерді жарамсыз деп танудың әртүрлі құқықтық негіздерін салыстыру кезінде салыстырмалы-құқықтық тәсіл негізгі зерттеу құралы ретінде пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық базасы ретінде мәміле жарамдылығының жалпы теориясы, міндеттемелер құқығы және банкроттық құқығы салаларындағы ғылыми доктриналар алынды. Автор банкроттық қатынастардағы әділдік пен теңдік қағидаттарына сүйене отырып, мәміле жарамсыздығының мәнін, мейлінше, толық ашуға талпынады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстанда борышқор мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздері құқықтық тұрғыдан қалыптасқанымен, сот тәжірибесінде қайта қарауды талап ететін бірқатар сауалдардың бар екендігі анықталды. Талдау барысында тең емес қарсы орындау, сыйға тарту, жалған және өтеусіз мәмілелер бойынша соттардың дәлелдеу өлшемдері әртүрлі болғаны байқалды. Осыған байланысты автор мәміле жарамсыздығын бағалауда экономикалық тепе-теңдік пен несие берушілердің құқықтарын сақтау қағидатын басты өлшем ретінде ұсынды.

Талқылау

Азаматтық-құқықтық қатынастар саласында мәміле тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеу, өзгерту немесе тоқтату құралы болып табылады. Дегенмен, мәміле мазмұны құқықтық талаптарға толық сәйкес келмеген жағдайда, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Бұл тұрғыдан, мәміленің жарамсыздығы жеке автономияның құқықтық нысаны ретінде мәміленің жүзеге аспауын білдіреді. Яғни, мәміле тараптары құқықтық қатынастарға

қол жеткізе алмайды және әрекеттері мүдделеріне сай мінез-құлық ережелерін белгілей алмайды (Суханов, 2023, 457 б.).

Ғ. А. Жайлин мәміленің жарамсыздығын оның заңнама нормалары көзқарасынан құқықтық салдар тудырмауымен түсіндіреді (Жайлин, 2014, 233 б.). Б. М. Гонгало оқулығында мәміле жарамсыздығы әрекеттердің мәмілеге тән құқықтық нәтиже тудырмай, керісінше, оның жарамсыздығына байланысты заңда көзделген салдарға ғана әкеп соқтыратынын, оның жарамдылық шарттарының кез келгені, субъектілік құрамның, еркі немесе ерік білдіруінің, мазмұн кемшіліктері, ал заңда немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайда нысаны бұзылған кезде туындайтынын көрсетеді (Гонгало, 2017, 262 б.).

Борышқор мәмілелерінің жарамсыздығы, өз кезегінде, оның мүліктік жағдайын нашарлататын, несие берушінің мүдделеріне зиян келтіретін немесе заңда белгіленген ерекше тәртіпті бұза отырып жасалған жағдайларда туындайды. Мысалы, егер борышқор өзіне жүктелген шектеулерді елемей, тиесілі мүлкін нарық бағасынан төмен сатса немесе іс бойынша мүдделі тұлғаларға аударса, сот мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тануы мүмкін. Мұндай жағдайда қарсы орындаушыда, яғни мәміленің екінші тарабында, шартты жүзеге асыру құқығы немесе міндеті тоқтатылады және мәміле нысанасы қайтарылуға жатады.

Борышқор мәмілелерін даулаудың заңдық мәні азаматтық және банкроттық заңнаманың негізгі қағидаларына негізделеді. Мәмілені даулау банкроттық рәсім саласындағы шынайылық пен адалдық қағидаларына негізделген және банкроттық рәсім қатысушыларының мүдделеріне зиян келтіре отырып, борышқор артықшылықтарын теріс пайдалануға бағытталған әрекеттерін жою мүмкіндігін береді. Мұндай зерттеу нәтижесінде борышқор мәмілесін нақты бекіту немесе жарамсыз деп тану туралы қорытынды шешім қабылданады (Лиуконен, 2024, 393 б.).

Банкроттық туралы заңның 7-бабы 2 тармағында мәмілелердің жарамсыздығына қатысты арнайы негіздері көзделген. Оларға:

1) жасалған мәміле бағасының және (немесе) өзге де жағдайлардың, салыстырмалы мән-жайларда ұқсас мәмілелер жасалатын кездегі бағадан және (немесе) өзге де жағдайлардан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуы;

2) мәміленің борышкердің Қазақстан Республикасының заңдарымен, құрылтай құжаттарымен шектелген қызметіне сәйкес келмеуі не жарғыда айқындалған құзырет бұзылып жасалуы;

3) мүліктің өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас немесе біртекті тауар бағасынан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болатын бағамен не беру үшін негіздер болмай, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып берілуі;

4) егер оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін алты ай ішінде жасалған мәміле белгілі бір кредиторлардың талаптарын басқаларының алдында артықшылықпен қанағаттандыруға алып келуі;

5) борышкердің мүлкін сыйға тарту шарттары, егер мұндай мәміле оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін бір жыл бұрын жасалған мәмілелерден айтарлықтай өзгеше болуы;

6) осындай мәміле бойынша тиісті құқықтық салдарлар туғызу ниетінсіз, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жасалу жатқызылады.

Енді жоғарыда көрсетілген бірінші негізге тоқталсақ. Атап айтқанда жасалған мәміле бағасының және (немесе) өзге де жағдайлардың, салыстырмалы мән-жайларда ұқсас

мәмілелер жасалатын кездегі бағадан және (немесе) өзге де жағдайлардан борышқор үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуын қарастырамыз. Бұл негіздегі мәміле бойынша егер ол жасалған сәтте ұқсас шарттарда жасалатын мәмілелерге қарағанда борышқор үшін тең емес міндеттемелер жүктелген кезде жарамсыз деп танылуға жатады. Өзге арнайы негіздермен салыстырғанда, бұл негіздің айрықша ерекшелігі оның жалпылама сипатта болуымен айқындалады. Мұндай негізбен мәмілені жарамсыз деп тану үшін оның жасалу мақсаты, сондай-ақ борышқордың несие берушілерге залал келтіру ниеті туралы контрагенттің хабардар болуы немесе болмауы секілді мән-жайлар құқықтық маңызға ие болмайды (Шантимиров, 2020, 614-б.). Осы негізбен мәмілені жарамсыз деп тануға борышқор мәмілесіндегі бағаның ұқсас жағдайлардағы нарықтық құнынан едәуір төмен болуы себеп болады. Мұндай мәмілелер борышқордың кез келген мүлікті беруі немесе өзге де міндеттемелерді орындауы арқылы көрініс табуы мүмкін (Лотфуллин, 2019, 33-б.).

Істі сотта мәні бойынша қарау кезінде нормативтік мінез-құлық ережелеріне сәйкес, тек бір ғана белгінің мәміледе көрініс табуы оны жарамсыз деп тану үшін жеткілікті. Яғни, талап қоюшы мәміле шарттарының борышқор мүддесі үшін айтарлықтай нашар жағдайда болуын дәлелдеуі тиіс. Сол себептен, сот тәжірибесінде көп жағдайда банкроттық басқарушы мәмілені жарамсыз деп тану мақсатында кешенді түрде бірнеше арнайы негіздерге, әсіресе біз қарастырып отырған негізге сілтеме жасайды. Әдетте, мәмілені жарамсыз деп тану үшін заңда көзделген негіздердің бірінің ғана анықталуы жеткілікті. Бұл ретте талап қоюшы мәміле шарттарының борышқор мүддесі үшін елеулі түрде қолайсыз екенін дәлелдеуі тиіс. Осыған байланысты сот тәжірибесінде банкроттық басқарушы бірнеше арнайы негіздерге кешенді түрде, әсіресе қарастырылып отырған негізге сәйкес мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қояды.

Мәміле құндылығын бағалау кезінде оның нарықтағы құны ерекше мәнге ие болады. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 133-VI ҚРЗ Заңының (*бұдан әрі – бағалау туралы заң*) 1-бабы 18-тармағына сәйкес нарықтық құн тиісті маркетинг жүргізілгеннен кейін тараптардың әрқайсысы жете хабардар бола отырып, есеппен әрі мәжбүрлеусіз әрекет ететін коммерциялық мәміле нәтижесінде мүдделі тұлға мен сатушы арасында бағалау күніне актив алмасу жасалатын ақшалай есеп айырысу сомасы болып табылады.

Мәміледе осы мән-жайдың бар-жоғын дәлелдеу міндеттемесі талап қоюшыға жүктеледі, себебі әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды сот белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Азаматтық процестік Кодексінің (*бұдан әрі – ҚР АПК*) 72-бабы).

Сот, сәйкесінше, істі қарау кезінде әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалауға тиіс (ҚР АПК 68-бабының 1-бөлігі).

Бағалау туралы заңның 1-бабы 5-тармақшасына сәйкес, мүліктің нарықтық құнын бағалау қызметі ретінде бағалау қызметі субъектілерінің белгілі бір күнге бағалау объектісіне қатысты нарықтық немесе Қазақстан Республикасының заңдарында және бағалау стандарттарында көзделген өзге құнды белгілеуге бағытталған кәсіптік қызметі танылады. Сотта мәмілені жарамсыз деп тану үшін талаппен қоса, бағалау туралы есеп – жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы

заңнамасына сәйкес жасалған жазбаша құжат тапсырылады (Бағалау туралы заңның 1-бабы 9-тармақшасы).

Бағалау есебінің нысаны мен мазмұнына қойылатын қолданыстағы талаптар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы №501 бұйрығымен бекітілген және бағалаушы мамандар тарапынан міндетті түрде сақталуы тиіс.

Бағалау туралы есепте көрсетілген бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге құнының жиынтық шамасы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, бағалау объектісімен мәміле жасасу мақсаттары үшін ұсынылатын шама болып танылады (Бағалау туралы заңның 9-бабы 3-тармағы).

Мүліктің нарықтық бағасын анықтау бойынша Қостанай облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 2021 жылдың 6 қазанындағы № 3971-21-00-2/2548 шешімінде бағалау туралы есепте көрсетілген құн нақты нысанның маңызды ерекшеліктерін, оның техникалық жағдайын, жинақтылығын, шығарылған жылын және басқа да сипаттарын ескермей, тек ұқсас мүліктің нарықтағы орташа бағасының ғана көрсетілуін талаптың қанағаттандырусыз қалуына негіз деп тапты. Сот дәлелдеме ретінде ұсынылған анықтаманың мүлікті сату кезіндегі нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізілместен алынғандығына назар аударар отырып, оны мүліктің нақты нарықтық құнын дәлелдейтін айғақ ретінде қабылдауға жатпайды деп есептеді. Алайда бірінші сатыдағы соттың бұл шешіміне апелляциялық сот алқасы мәміле жасау кезіндегі мүліктің нарықтық құнын тікелей анықтау мүмкін болмаған жағдайда, дәлелдеме ретінде ақпараттық анықтамаларды да қабылдауға болатындығы жайында пікір білдірді. Өйткені мұндай жағдайда бағалаушы мүліктің ықтимал нарықтық құнын тек ұқсас тауарлардың бағасын талдау негізінде ғана бағалай алады. Сол себепті, банкроттық басқарушы ұсынған ақпараттық анықтама дәлелдеме ретінде ескерілді және бұл тұрғыда апелляциялық шағымның уәждері негізді деп танылды (Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылдың 8 желтоқсанындағы №2а-3999-21-00-2а/2729 қаулысы).

Бұдан әрі келесі негізге тоқталсақ. Екінші негізге борышқордың өз өкілеттілігі шегінен шығып, әрекетінің Қазақстан Республикасының заңдарымен, құрылтай құжаттарымен шектелген қызметіне сәйкес келмеуі не жарғыда айқындалған құзырет бұзылып жасалуын жатқызамыз. Егер борышқор заңмен белгіленген мінез-құлық ережелерінен тыс мәміле жасаса немесе заңды тұлға жарғысында көрсетілген өкілетті органның келісімінсіз шарт жасаса, мұндай мәміле жарамсыз деп танылуға жатады. Бұл негіздің бірінші негізден басты айырмашылығы мәміленің мазмұнынан гөрі оның құқықтық рәсімделуіне және ішкі корпоративтік тәртіптің сақталуында болып табылады. Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылдың 21 желтоқсандағы №7199-22-00-2а/7469 қаулысы бойынша банкроттық басқарушы сотқа борышқордың корпоративтік қорға қайырымдылық көмек көрсету шартының жарамсыздығын тану туралы талабымен жүгінген. Талапта банкрот деп танылған борышқор-заңды тұлғаның жарғысында қайырымдылық көмек көрсету тікелей көзделмегені әрі көмек көрсету туралы шарт құрылтайшы тарабынан емес, директор, яғни шешім қабылдауға өкілеттігі жоқ қызметкер атынан жасалғаны көрсетілді. Алайда істі қарау кезінде директордың шартқа қол қою құқығы жоқ екендігі дәлелденбеді. Сәйкесінше, мәміленің заң талаптарына сәйкес жасалғаны және қаражаттың қоғамдық пайдалы мақсаттарға сай жұмсалғаны соттың мәмілені жарамсыз деп тануға негіздің жоқ екендігіне әкелді. Бұл іс мәміле мазмұнының борышқор қызметіне сәйкес келмеуі және жарғылық құзыреттіліктің бұзылуы негізінде жарамсыздығын қолданудағы маңызды жайтты көрсетеді. Соттар мәміленің заңдылығын тек жарғы нормаларына ғана емес, сонымен қатар жалпы заңнама

талаптарының сәйкестігіне де қарайды. Демек, жарғыда өкілеттіліктің тікелей көрсетілмеуі мәмілені жарамсыз деп тануға әрдайым негіз бола бермейді. Ол үшін басқару органдарының немесе тұлғалардың өз өкілеттігін асыра пайдаланғаны және несие берушілерге келтірілген нақты зияны дәлелденуі қажет.

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылдың 11 шілдесіндегі №5999-23-00-2а/565 қаулысында банкроттық басқарушы тарапынан борышқор жасасқан сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы талап қойылғаны баяндалады. Талап негізінде директордың борышқор жарғысында көзделмеген өкілеттілікті асыра пайдаланып, жылжымайтын мүлікті сату туралы шарт жасағаны, бұл мәміле борышқордың заңмен және жарғымен көрсетілген қызметіне сәйкес келмейтіні айтылған. Талапта жылжымайтын мүлікті сату құқығы тек жалпы жиналыс құзыретіне жататындығы, ал директор өз бетінше шешім қабылдау арқылы жарғыда көзделген құзыреттілігін бұзғанын баяндалды. Алайда сот борышқордың жарғысында директордың осындай мәміле жасау өкілеттігі шектелмегенін, сондай-ақ сол кезеңдегі заңнамада мұндай мәміле үшін қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін алу міндеті болмағанын анықтады. Сот азаматтық заңнама мен «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заң нормаларын басшылыққа ала отырып, директор мәмілені өзінің заңды өкілеттігі аясында жасаған деп тапты. Сонымен қатар, сот бұл іске байланысты мәміледегі қарсы тараптың адал ниеттілігін ерекше атап өтті. Іс бойынша қарсы тарап, сатып алушы, мәміле жасау кезінде барлық заңды рәсімдерді сақтағандығы, мәміленің мемлекеттік тіркеуден өткені және меншік құқығы заңды түрде тіркелгені назардан тыс қалмады. Демек, мәміледе қарсы орындаушының адал ниетте әрекет етуі мәмілені жарамсыз деп тануға, мүлікті кері қайтаруға кедергі ретінде қаралады.

Сот тәжірибесінде жоғарыдағы негізбен мәмілені жарамсыз деп тану талабының қанағаттандырылуы Алматы қалалық сотындағы азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылдың 22 қаңтарындағы №7599-19-00-2а/11909 қаулысында көрініс табады. Борышқор әрекетінің заң талаптарына және жарғыда белгіленген мақсаттарына сәйкес келмегені, сондай-ақ жарғылық құзыреттілігін бұза отырып жасалғандығы көрсетіліп, шартты жарамсыз деп тану туралы талап қойылған. Талапта борышқордың қоғамдық бірлестік болғандықтан, заңнамаға және жарғыға сәйкес мүлікті табыс табу мақсатында немесе коммерциялық сипаттағы қызметке бағыттап пайдалана алмайтындығы келтіріледі. Дау тудырған мәмілелер бойынша борышқор ұйым өз қаражатынан басқа заңды тұлғаның қызметін қаржыландырып, оған жүйелі түрде ақша аударып отырған, бұл заңды тұлғаның жарғысында көзделмеген және коммерциялық сипаттағы іс-әрекет болып табылады. Іс материалдарынан мәмілелердің борышқор атынан ұйым басшысы ретінде де, қарсы орындаушы ретінде де бір тұлға атынан жасалғаны белгілі болған. Мұндай жағдай тараптар арасында мүдделер қақтығысын туғызған. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142 Заңының 37 бабының 1 тармағына сәйкес, мүдделер қайшылығы ұйғарымдалған мәмілені коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы бекітуге тиіс. Мүдделі адам осындай мәміле жасасудың ұйғарымдалғаны туралы ұйымның уәкілетті органын хабардар етуге міндетті. Яғни, мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда, мәміле жалпы жиналыспен алдын ала мақұлдануы тиіс. Алайда сот анықтағандай, жалпы жиналыс кворумсыз өткізілген және шешім заңды түрде қабылданбаған. Осы себептерге байланысты мәміле бойынша әрекеттер жарғы талаптарына және уәкілетті органның құзыретіне қайшы келген деп қабылданды.

Енді келесі негізге тоқталсақ. Үшінші негіз бойынша борышқордың мүлкін өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас немесе біртекті тауар бағасынан борышқор үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болатын бағамен не беру үшін негіздер болмай, несие берушілердің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып берілуі мәміленің жарамсыздығына әкеледі. Бұл негіз борышқордың мүлкін негізсіз азайту, оның несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындамау тәуекелін алдын алуға бағытталған.

Бұл негіз бойынша мәмілені жарамсыз деп тануда тараптар әдетте, борышқордың қарызын жалған негізде ұлғайтуға немесе оның мүліктік массасынан құнды активтің шығуына мүдделі болады. Борышқор мәмілелерінің даулануына қатысты осы негіз несие берушілердің мүліктік құқықтарын жалған, әдейі жасалған банкроттықтан қорғаудың құралы болып табылады (Ковалев, Берковский, 2015, 65 б.).

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылдың 7 желтоқсандағы №7599-22-00-2а/8287 қаулысында сипатталған іс борышқордың активтерін нарықтан төмен бағамен сатуы мәмілені жарамсыз деп тануға жеткілікті негіз екендігін дәлелдейді. Іс бойынша борышқордың мүлікті (автокран) нарықтық құнынан бірнеше есе төмен бағамен сату жөніндегі шартын жарамсыз деп тануды және мүлікті конкурстық массаға қайтаруы талап етілген. Банкроттық басқарушы сотқа мүліктің нақты нарықтық бағасын растау мақсатында «kolesa.kz порталы» бойынша 2019 жылғы ұқсас автокрандардың орташа бағасын және тәуелсіз бағалау есебін дәлел ретінде ұсынған. Істі қарау кезінде соттың тапсырмасымен тауарлық сараптама тағайындалып, сарапшы қорытындысына сәйкес, мүліктің сол уақыттағы нарықтық құны 5 340 002 теңгені құраған. Мәміле бойынша төлем 3 510 115 теңге болғандықтан, сот мәміле бағасының нақты нарықтық бағадан айтарлықтай төмен жасалғанын анықтады және мүлікті банкроттық массаға қайтару туралы шешім заңды деп таныды. Осы сот актісі бағалау сараптамасының жарамдылық тұрғысынан маңызын, сондай-ақ мүлікті сату бағасының заңдылығын анықтаудағы экономикалық әділдік ұстанымын айқындайды.

Маңғыстау облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылдың 14 желтоқсанындағы №4712-22-00-2/1704 шешімінде сатып алу-сату шартының шын мәнінде өтеусіз болуы оны жарамсыз деп танудың негізі екендігін айқындады. Сот істі қарау кезінде борышқор мәмілені салықтық міндеттемелерден жалтару және несие берушілер талаптарын өтеуден жалтару мақсатында жасаған деген қорытындыға келді. Сот отырысы барысында «Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі 2018 жылғы 10 мамырдағы №79 нұсқамаға сәйкес жеке салық түрлері мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелердің орындалуына байланысты борышқорға кешенді салықтық тексеру жүргізгендігі анықталды. Даулы мәмілелердің 2017 жыл мен 2018 жылдың арасында, яғни тексеріс кезінде көрінеу жасалғаны борышқордың банкроттық рәсім талаптарынан жалтаруын білдірді. Алайда істің нақты үшінші негізге сәйкес даулануы мәміленің іс жүзіндегі өтеусіз сипатымен байланысты болды. Істегі мән-жайлар бойынша мәміле бойынша тараптар арасында нақты есеп айырысу болмаған және борышқорға банктік шоттардан төлемнің түсуі дәлелденбеді. Мұндай жағдайлар мәміленің тек формалды түрде жасалуы арқылы мүліктің иеліктен шығарылғанын көрсетеді. Борышқордың жалтару мақсатында мүлікті төмен бағамен беруі және нақты есеп айырысудың болмауы мәміленің осы негізге сәйкес жарамсыз деп танылуына жеткілікті себеп ретінде қарастырылады. Осыған байланысты бірінші және үшінші негіздер бойынша

тараптардың мәміледегі мәртебесі тең болмауына байланысты бірімді норма болып көрінуі мүмкін. Алайда олардың арасындағы айырмашылық мінез-құлық ережесінің қамтылу ауқымы мен мақсатты бағытында көрінеді. Бірінші тармақ, жоғарыда атап өткендей, жалпы сипатта, мазмұны жағынан кеңірек болып келеді. Бұл негіз тек мүліктің бағасына ғана емес, сонымен қатар борышқор үшін тиімсіз өзге де жағдайларға да (төлемді кейінге қалдыру, бөліп төлеу, қосымша міндеттемелер жүктеу және т.б.) қатысты қолданылу арқылы мәміленің жалпы экономикалық залалдылығын бағалауға мүмкіндік береді. Ал үшінші негіз, керісінше, айрықша және нақты сипатта бағытталған. Бұл негіз, ең алдымен, несие берушілердің мүдделеріне зиян келтіре отырып жасалынған өтеусіз немесе жалған өтеулі мәмілелерді болдырмауға бағытталады. Егер мәміле сырттай өтеулі болып көрініп, оның бағасы шынайы нарықтық құнынан тым төмен болса, яғни іс жүзінде өтеусіз сипатқа ие болса, мұндай мәміле үшінші тармақ бойынша жарамсыз деп танылады. Осылайша, норманың бірінші тармағы борышқор үшін кез келген тиімсіз экономикалық жағдайларды қамтыса, үшінші тармақ нақты бағаның шектен тыс төмендетілуі мен жасырын өтеусіз мәмілелерге қатысты қолданылады.

Енді, келесі негізге ауыссақ. Төртінші негіздің мазмұны оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін алты ай ішінде мәмілелердің несие берушілер арасындағы талап ету кезектілігін бұзылуымен, белгілі бір несие берушілердің талаптарын басқаларының алдында артықшылықпен қанағаттандыруымен байланысты болып келеді.

Егер өзге негіздердегі даулы мәмілелер борышқор мүліктерін қалыптастыру тәртібін бұзып, осылайша борышқор активтерінің шығуы немесе қарыздарының артуы арқылы несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігін төмендетсе, артықшылық беретін мәмілелер борышқордың несие берушілер талаптарын мүліктік жиынтық арқылы қанағаттандыру тәртібін бұзып, олардың заңды талаптарын қанағаттандыру мүмкіндіктерінің төмендеуіне әкеп соғады (Кондратьева, Гройсберг, 2015, 72 б.).

Несие берушілер талаптарын қанағаттандырудың теңдігі мәселесі бойынша Н. В. Кузнецов өз еңбегінде артықшылықпен қанағаттандырумен байланысты төлем қабілетсіздігі құқықтық институттың екі негізгі қағидаттарының бірін, яғни кезектілік қағидаты немесе пропорционалдық қағидатын бұзған кезде орын алатынын атап өтеді. Бірінші жағдайда борышқор алдыңғы кезектегі басқа несие беруші болғанына қарамастан, өзге кезектегі тұлға талабын өтеуге артықшылық берілсе, екінші жағдайда нақты бір кезектегі басқа несие берушілер болған кезде белгілі бір несие берушінің талабы қанағаттандырылады (Кузнецов, 2003, 31 б.).

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылдың 7 наурызындағы №2а-9119/22 қаулысында борышқор өзінің несие берушілерінің бірі Сон М.А.-ға артықшылық беріп, оған кезектен тыс есеп айырысу құқығын ұсынуы арқылы өзге несие берушілердің құқықтарының өрескел бұзылуына алып келген. Істегі анықталған мән-жайлар бойынша, даулы мәміле жасалған уақытта борышқор өз міндеттемелерін депозит иелерінің және несие берушілердің алдында орындауға қабілетсіз болған әрі борышқордың жақын арада таратылатындығы белгілі болған. Осы шектеулерге қарамастан, 1809 несие беруші ішінен артықшылық тек кейбіріне, соның ішінде Сон М.А.-ға беріліп, онымен сауда өткізу қағидаларын бұза отырып, төмендетілген бағамен және ақша аударымдарына шектеулер қойылған кезеңде даулы мүлік сатылғаны анықталды.

Сонымен қатар, заң шығарушы бұл негіздің өзгелерден ерекшелігі ретінде банкроттық немесе оңалту ісі қозғалардан алты ай бұрын жасаған мәмілелеріне ғана қолдануы жөнінде мерзім тұрғысынан шектеу орнатады. Алайда тәжірибеде сот мерзім мәселесін жалпы ережеге

жүгіне отырып, нақты жағдайға байланысты мәмілені жарамсыз деп танудың бірнеше негіздерінің бұзылуын кешенді зерттеу арқылы талапты қанағаттандырған жайттар орын алған. Мысалы, Алматы қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылдың 1 маусымындағы №7527-22-00-2/1639 шешімі бойынша даулы мәміле банкроттық туралы істің қозғалуына дейін сегіз ай бұрын жасалған. Нақтырақ айтқанда, келісім 2020 жылғы 10 желтоқсанда жасалып, банкроттық туралы іс 2021 жылғы 11 тамызда қозғалған. Осылайша, формалды түрде бұл мәміле мерзім талабының сақталмауы аясында бағалануға жатпауы тиіс болатын. Алайда сот борышқордың мүлкі мен қаражатын үшінші тұлғаның пайдасына негізсіз түрде азайтылып, несие берушілердің мүдделері бұзылғанын назарға алып, мәмілені 7-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы бойынша — яғни, үш жылдық жалпы кезең ішінде жасалған күмәнді мәміле ретінде қарастырды. Істі қарау нәтижесінде мәміле бірнеше негіздің кешенді жиынтығы бойынша, атап айтқанда, Заңның 7 бабының 2 тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес жарамсыз деп танылды. Бұл ретте сот мәміленің қарсы орындаушы талаптарын өзге несие берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандыруға алып келгенін анықтап, алты айлық мерзімнің формалды түрде өтіп кетуіне қарамастан, мәміленің мазмұны мен салдарын талдай отырып, оны жарамсыз деп тануға толық негіз бар деп таныды.

Банкрот деп танылған борышқор мәмілесін жарамсыз деп танудың келесі негізіне тоқталсақ. Бесінші негіз борышқордың банкроттық немесе оңалту ісі қозғалардан бір жыл бұрын мүлкін сыйға тарту арқылы беру жағдайларын қарастырады. Егер мұндай мәміле борышқордың қалыпты шаруашылық қызметінен айтарлықтай ерекшеленіп, оның мүлкін негізсіз азайтуға алып келсе, оны жарамсыз деп тануға негіз туындайды.

Борышқордың өз активтерін үшінші, мүдделі тұлғаларға мүлікті сыйға беру арқылы жасыруы несие берушілерге айтарлықтай зиян келтіреді. Сыйға тарту шартын жою олардың мүдделерін қорғауға бағытталады (Шелкоплясова, Колосова, 2017, 154 б.). Сыйға тарту шарттары, әдетте, өтеусіз сипатта болғандықтан, борышқордың төлем қабілеттілігін төмендетіп, оның өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін шектейді. Алайда сот тәжірибесінде мәмілені осы негізге сәйкес даулауға байланысты дәлелдеу мәселесі туындайды. Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылдың 13 қазанындағы №6309-22-00-2/3007 шешімін осы негізге сәйкес талдау кезінде борышқор мүлкінің қарсы тарапқа өтеусіз сыйға берілгені, нәтижесінде несие берушілер, соның ішінде салық органы, көрсетілген актив есебінен өз талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігінен айырылғаны анықталды. Сот істі қарау барысында сыйға тарту шарты жасалғанға дейін тараптар арасында қарыз қатынастары болғандығы, борышқор қарсы тараптан ақша алып, қарыздың қолхатпен расталғаны, мүлікті сыйға беру қарызды қайтарудың бір тәсілі ретінде сипатталып, мәміленің өтеусіз сипаты жоқ екендігін пайымдады.

Бұл негіз үшінші негіздегі мәміле мазмұны бойынша екеуінің де өтеусіз сипатта болуымен өзара байланысты. Алайда оларды қолдану жағдайлары мен құқықтық мәні тұрғысынан ажырата аламыз. Үшінші тармақ бойынша мәміле сырттай өтеулі болып көрінгенімен, іс жүзінде бұл жасырын сыйға тарту, яғни несие берушілердің мүдделерін айналып өту мақсатында жасалынады. Ал бесінші негіз, керісінше, борышқордың формалды түрде өтеусіз, сыйға тарту түрінде жасалынған мәмілелеріне қолданылады. Демек, үшінші негізде қарастырылған мәміле түрлері теңдік тұрғысынан бағаның айқын сәйкессіздігіне бағытталса, бесінші негіз бойынша мінез-құлықтың және мәміленің әдеттен тыс болуына, борышқор іс-әрекетінің қалыпты болмысына назар аударады.

Бұдан әрі келесі негізге тоқталсақ. Алтыншы негіз бойынша мәміле тек сырттай ғана жасалынған, яғни тараптар шын мәнінде оны орындау немесе заңды нәтижеге қол жеткізу ниетінде болмаған жағдайларда қолданылады. Мұндай негіздегі мәмілелерге борышқордың активтерін жасыруға, міндеттемелерден жалтаруға немесе мүлктік массаны жасанды түрде қайта бөлу арқылы несие берушілердің мүдделеріне нұқсан келтіру мақсатында жүзеге асырылатын жалған мәмілелерді жатқызсақ болады. Бұған дейін қарастырылған негіздер нәтижесінде тараптар арасында белгілі бір құқықтық қатынас туындайтын болса, бұл негіздің басты айырмашылығы - іс жүзінде ешқандай құқықтық салдардың орын алмауында болып табылады.

Бұл негізді талдау кезінде жалған мәмілемен қатар, қулықпен жасалған мәмілелерге де қолдану мәселесі туындайды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің 2020 жылдың 19 ақпанындағы №591627 ресми жауабында қулықпен жасалған мәміле екінші бір мәмілені (қулықпен) бүркемелеу мақсатында жасалатындығы баяндалады (ҚР АҚ-нің 160 бап 2 тармағы). Жалған мәміледен айырмашылығы мұнда нақты құқықтық қатынас болады, алайда олардың нысаны әдейі бүркемелеу арқылы жасырылады. Демек, егер мәміле жалған деп танылса, онда оның жарамсыздығы осы негізге сәйкес тікелей белгіленеді, ал егер мәміле қулықпен жасалғаны анықталса, онда сот тараптардың шынымен көздеген мәмілеге тиісті нормаларға негіздей отырып даулайды. Осыған байланысты сот тәжірибесінде мәмілені даулау кезінде қулықпен жасалған мәмілелерді осы негізге сай даулау мәселесі жиі орын алған. Алайда мұндай мазмұндағы талап қоюлар жоғарыда айтылған себептерге байланысты сот тарапынан қайтаруға жатады.

Қостанай облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылдың 21 маусымындағы №3999-23-3-2/846 шешімінде жасалған түпкі байлам жалған мәміле ұғымының дәлелдену шегін және соттардың оны бағалау тәсілін айқындайтын маңызды мысалы болып табылады. Істе, банкроттық басқарушы пікірінше, бұл мәмілелер борышқордың банкроттығы алдында өз активтерін жалған негізбен шығару мақсатында жасалынған, яғни борышқор шын мәнінде құқықтық салдар туғызуды мақсат етпеген, тек сыртқы көрінісі бар шарт жасасу арқылы өз мүлкін шығаруды көздегендігі анықталды. Іс материалдарынан борышқор екінші тарапқа ақшалай қаражат енгізіп, кейін сол соманы кері қайтарып алғаны белгілі болды. Алайда сот тиісті дәлелдермен мәміле жалған немесе құқықтық салдар туғызу ниетінсіз жасалғаны дәлелденген жоқ деген қорытындыға келді. Керісінше, борышқордың ақшалай қаражатты қарсы орындаушыға енгізгені туралы кассалық ордерлер мен түбіртектер мәміленің нақты орындалғанын, яғни құқықтық салдар туғызғанын көрсетті. Сонымен қатар, өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруы процесінде жасасқан ұқсас мәмілелердің шарттарынан айтарлықтай ерекшеленбейтін кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінде борышқор жасасқан мәмілелерге қолданылмайды (Банкrottтық туралы заңның 7 бап 7 тармақ 3 тармақшасы). Осыған байланысты сот мәміле құқықтық салдар туғызу ниетінсіз жасалғаны және несие берушілердің мүдделеріне нақты зиян келтірілгені дәлелденбегендіктен, банкроттық басқарушының талабы негізсіз екендігі туралы тұжырым жасады. Бұл іс банкроттықтағы жалған мәміле түсінігін нақтылауда маңызды сот тәжірибесін көрсетеді. Сот мәміленің сыртқы формасы ғана емес, оның нақты экономикалық мазмұнын да бағалайды. Егер мәміле тараптардың еркін білдіруін, нақты ақша қозғалысын және мүлктік салдарды қамтыса, ол заңды болып саналады.

Астана қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021

жылдың 19 тамызындағы №7119-21-00-2/5702 шешімі мәміле нысаны мен мазмұны жалған мәміле, яғни құқықтық салдар туғызу ниетінің болмауы мәміленің жарамсыздығының негізі бола алатынын нақты дәлелдейді. Іс материалдарына сәйкес, борышқор мен контрагент арасындағы заңгерлік қызмет көрсету шарты мен оны бұзу туралы келісім талқыланды. Тексеру барысында қызметтердің іс жүзінде көрсетілмегені, яғни шарттың мазмұнына сәйкес нақты құқықтық нәтиже болмағаны анықталды. Осыған байланысты сот мәміленің сырттай құқықтық нысаны болғанымен, оның шын мәнінде нақты құқықтық салдар туғызу ниеті болмағанын және бұл несие берушілердің мүдделеріне зиян келтіргенін анықтап, мәмілені жарамсыз деп таныды.

Қорытынды

Банкроттық рәсіміндегі борышқор мәмілелерін жарамсыз деп тану институты – нарықтық экономикадағы әділдік пен теңдік қағидаттарын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құрал. Талқылау нәтижесінде бұл институттың құқықтық табиғаты мен оның сот тәжірибесіндегі қолданылу ерекшеліктері айқындалды. Қолданыста борышқор мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздері (тең емес қарсы орындау, өтеусіз және жалған мәмілелер, өкілеттілікті асыра пайдалану, артықшылықпен төлем жасау және сыйға тарту мәмілелері) іс жүзінде жиі даудың өзегіне айналып отыр.

Мақалада соттардың дәлелдеу стандарттарын біріздендіру мен экономикалық тепе-теңдік қағидатын негізгі бағалау өлшемі ретінде қабылдаудың маңыздылығын көрсетілді. Бұл бағыттағы құқықтық нақтылық борышқордың адал мінез-құлқын қамтамасыз етуге, ал несие берушілердің құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде банкроттық рәсімінде мәмілелерді жарамсыз деп тану мәселелерімен қатар, дәлелдемелердің мазмұны мен бағалау тетіктері де ерекше мәнге ие болуда. Болашақ зерттеулерде дәлелдемелердің жеткіліктілігі мен шынайылығын бағалау өлшемдері, сот сараптамасының рөлі және бағалау қызметі нәтижелерінің дәлелдік күші сияқты аспектілерді талдау өзекті бағыттардың бірі болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- Бағалау туралы есептің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 501 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016900>
- Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-I Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000220>
- Коммерциялық емес ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142>
- Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 133-VI ҚРЗ Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000133>
- Гонгало Б. М. (2017). Гражданское право в 2 томах: Том 1 Учебник 3-е издание, переработанное и дополненное Под редакцией Б.М. ГОНГАЛО – С. 511. <https://drive.google.com/file/d/1uQxpZYa8KuPi9DOQsHCdkq9v2BWinB8e/view?usp=driv>

[e link](#)

- Карелина С. А. (2019) Несостоятельность (банкротство): Учебный курс. В 2 т.. Под ред. д.ю.н., проф. С.А. Карелиной. Т. 2. – М.: Статут. – С. 848.
- Ковалев С. И.&Берковский К. П. (2015) Практические рекомендации для противодействия недобросовестному поведению лиц в процедурах банкротства гражданина. Вестник арбитражного суда Московского округа. – №4 – С. 114. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=25588933>
- Комитет государственных доходов Министерства финансов ответ от (19.02.2020) на обращение от (26.01.2020) №591627 <https://bestprofi.com/document/2418673011?3§ion=2418673044&fs=2360926704>
- Кондратьева К. С.&Гройсберг, А. И. (2015) Рассмотрение дел об оспаривании сделок с предпочтением: вопросы теории и практики. Вестник Пермского ун-та. Юридические науки. – № 4. – С. 122. <https://cyberleninka.ru/article/n/rassmotrenie-del-ob-osparivanii-sdelok-s-predpochteniem-voprosy-teorii-i-praktiki>
- Кузнецов Н. В. (2003) Очередность удовлетворения требований кредиторов. Право и экономика. – № 6. – С. 108. <https://elibrary.ru/item.asp?id=17090558>
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Азаматтық процестік Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
- Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_/k941000
- Лиуконен Е. С. (2024). Понятие и правовая природа оспаривания сделок должника при банкротстве *Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ»* № 6 (75) Том 4. – С. 1759. <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-i-pravovaya-priroda-osparivaniya-sdelok-dolzhnika-pri-bankrotstve>
- Лотфуллин Р. К. (2019) Оспаривание сделок при банкротстве . Издательство электронных книги видеоуроков «М-Логос» – С.1720. https://drive.google.com/file/d/1QphKgUnyXy4Syd_L3ezdPbJueZ14_rgG/view?usp=sharing
- Оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176>
- Соттардың заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы ҚР ЖС 2023 жылғы 2 қарашадағы № 2 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P230000002S>
- Суханов Е. А. (2023) Гражданское право: учебник: в 4 томах: Том 1 / отв. ред. д-р юрид. наук., проф. Е. А. Суханов. – 3-е изд., перераб. и доп. – Москва: Статут – С. 624. Жайлин Ғ. (2012). Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқу құралы (Жалпы бөлім) – Алматы: Жеті жарғы – 304 бет.
- Шантимиров А. Р. (2020) Сделки, заключенные лицом, признанным несостоятельным (банкротом), при неравноценном встречном исполнении обязательства другой стороной сделки «Научно-практический электронный журнал Аллея Науки» №10(49) – С. 800. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44574158>
- Шелкоплясова Н. И. & Колосова А. А. (2017) Отмена дарения как средство защиты интересов кредиторов Интеллектуальный и научный потенциал XXI века: сборник статей международной научно-практической конференции: в 4 ч. Ч.3 – Уфа: МЦИИ ОМЕГА САЙНС. – С. 255. <https://elibrary.ru/item.asp?id=29226320>

References

- Bağalau turaly esep-tiñ nysany men mazmūnyına qoiylatyn talaptardy bekitw turaly [On Approval of Requirements for the Form and Content of the Valuation Report]. Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniñ 2018 jylǵı 3 мамыrdaǵı № 501 buırıǵı. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016900>
- Gongalo B. M. (2017). Grazdanskoe pravo v 2 tomah: Tom 1 [Civil Law in Two Volumes: Volume 1]. Uchebnik 3-e izdanie, pererabotannoe i dopolnennoe Pod redaktsiei B. M. Gongalo – S. 511. <https://drive.google.com/file/d/1uQxpZYa8KuPi9DOQsHCdkq9v2BWinB8e/view?usp=drie> [linkhttps://bestprofi.com/document/2418673011?3§ion=2418673044&fs=2360926704](https://bestprofi.com/document/2418673011?3§ion=2418673044&fs=2360926704) https://drive.google.com/file/d/1QphKgUnyXy4Syd_L3ezdPbJueZ14_rgG/view?usp=sharing <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=25588933>
- Jailyn Ğ. (2012). Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattıq quqıǵı. [Civil Law of the Republic of Kazakhstan (General Part)]. Oqu quraly (Jalpı bölım) – Almaty: Jeti jarǵı – 304 bet.
- Jauapkersiligi shektewli jáne qosymsha jauapkersiligi bar seriktestikter turaly [On Limited and Additional Liability Partnerships]. Qazaqstan Respublikasynyñ 1998 jylǵı 22 sawırdegi № 220-I Zany. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000220>
- Karelina S. A. (2019) Nesostoyatel'nost' (bankrotstvo). [Insolvency (Bankruptcy)]. Uchebnyi kurs. V 2 t. Pod red. d.yu.n., prof. S.A.Karelinoi. T. 2 M.: Statut.S.848. https://drive.google.com/file/d/10_ldkj41NQYi1-F0adTQ4UD0h0MTGG9u/view?usp=drive_link
- Komitet gosudarstvennyh dohodov Ministerstva finansov otvet ot (19.02.2020) na obraschenie ot [Response of the State Revenue Committee of the Ministry of Finance to an Appeal]. (26.01.2020) №591627.
- Kommerciyalyq emes uymdar turaly [On Non-Profit Organizations]. Qazaqstan Respublikasynyñ 2001 jylǵı 16 qantardaǵı № 142 Zany. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142>
- Kondrat'eva K. S. & Groisberg, A. I. (2015) Rassmotrenie del ob osparivanii sdelok s predpochteniem: [Consideration of Cases on Challenging Preferential Transactions].
- Kovalev S. I. & Berkovskii K. P. (2015) Prakticheskie rekomendatsii dlya protivodeistviya nedobrosovestnomu povedeniyu lits v protsedurah bankrotstva grazhdanina. [Practical Recommendations for Counteracting Bad-Faith Conduct in Individual Bankruptcy Procedures]. Vestnik arbitraj'nogo suda Moskovskogo okruga. – №4 – S. 114.
- Kuznetsov N. V. (2003) Ocherednost' udovletvoreniya trebovaniy kreditorov. [Priority of Satisfaction of Creditors' Claims]. Pravo i ekonomika. – № 6. – S. 108. <https://elibrary.ru/item.asp?id=17090558>
- Liukonen E. S. (2024). Ponyatie i pravovaya priroda osparivaniya sdelok doljnika pri bankrotstve [The Concept and Legal Nature of Challenging the Debtor's Transactions in Bankruptcy]. Mejdunarodnyi nauchnyi jurnal «Vestnik Nauki» № 6 (75) Tom 4. – S. 1759. <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-i-pravovaya-priroda-osparivaniya->

sdelok- dolzhnika-pri-bankrotstve

- Lotfullin, R. K. (2019) Osparivanie sdelok pri bankrotstv. [Challenging Transactions in Bankruptcy]. Izdatel'stvo elektronnyh knig i videourokov «M-Logos» S.1720.
- Oñaltu jäne bankrottıq turalı [On Rehabilitation and Bankruptcy]. Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2014 jylǵı 7 nauryzdaǵı № 176-V QRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176>
- Qazaqstan Respublikasyndaǵı baǵalau qyzmeti turaly [On Valuation Activity in the Republic of Kazakhstan]. Qazaqstan Respublikasynyñ 2018 jylǵı 10 qańtardaǵı № 133-VI QRZ Zañy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000133>
- Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylǵı 31 qazan'daǵı № 377-V QRZ Azamattıq protsestik Kodeksi. [Civil Procedure Code]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
- Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattıq Kodeksi [Civil Code]. 1994 jylǵı 27 jeltoqsandaǵı № 268-HIII. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000 /k941000>
- Shantimirov A. R. (2020) Sdelki, zakljuchennye licom, priznannym nesostojatel'nym (bankrotom), pri neravnocennoy vstrechnoy ispolnenii objazatel'stva drugoy storony sdelki [Transactions Concluded by a Person Declared Insolvent (Bankrupt) in the Case of Unequal Counter-Performance by the Other Party to the Transaction.] «Nauchno-prakticheskij jelektronnyj zhurnal Alleja Nauki» №10(49) – S. 800. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44574158>
- Shelkopljasova N. I. & Kolosova A. A. (2017) Otmena darenija kak sredstvo zashhity interesov kreditorov [Revocation of a Gift as a Means of Protecting Creditors' Interests. Intellektual'nyj i nauchnyj potencial XXI veka: sbornik statej mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii: v 4 ch. Ch.3 – Ufa: MCII OMEGA SAJNS. – S. 255. <https://elibrary.ru/item.asp?id=29226320>
- Sottardyñ zañdy tulǵalar men dara käsipkerlerdi oñaltu jäne olardyñ bankrottyǵı turaly zañnamany qoldanwynyñ keybir mäseleleri turaly [On Certain Issues of Application of Legislation on Rehabilitation and Bankruptcy of Legal Entities and Individual Entrepreneurs]. QR JS 2023 jylǵı 2 qarashadaǵı №2 Normativtik qaulysy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000002S>
- Suhanov E. A. (2023) Grazdanskoe pravo: uchebnik: v 4 tomah: Tom 1. otv. red. d-r yurid. nauk., prof. E. A. Suhanov. – 3-e izd., pererab. i dop. – Moskva: Statut – S. 624. voprosy teorii i praktiki. Vestnik Permskogo un-ta. Yuridicheskie nauki. – № 4. – S. 122. <https://cyberleninka.ru/article/n/rassmotrenie-del-ob-osparivanii-sdelok-s-predpochteniem-voprosy-teorii-i-praktiki>

IRSTI: 10.23.47

Special grounds for declaring debtor transactions invalid in bankruptcy proceedings: theory and case law

Assylbek Bolatov¹
¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
 email: 241401002@sdu.edu.kz
Abstract

The article analyzes the special grounds for declaring a debtor's transactions invalid in bankruptcy proceedings. The author examines the legal nature of transactions in the field of bankruptcy, their impact on property relations between the debtor and creditors, as well as the peculiarities of their application in judicial practice. The article reveals the content and specific features of the six special grounds provided for in paragraph 2 of Article 7 of the Law of the Republic of Kazakhstan dated March 7, 2014, No. 176-V "On Rehabilitation and Bankruptcy" (hereinafter – the Bankruptcy Law). Particular attention is given to the legal consequences of unequal consideration, violation of statutory authority, gratuitous or undervalued transfer of property, preferential payments, and sham transactions, illustrated through specific court cases. The author provides a detailed analysis of the distribution of the burden of proof in judicial practice, the use of valuation reports, and the determination of market conformity of transaction prices. The article also examines the litigation strategies of bankruptcy administrators and the courts' approaches to evaluating evidence. The paper highlights the legal significance of the institution of declaring debtor transactions invalid, emphasizing its role in protecting creditors' interests and ensuring fairness within bankruptcy proceedings. As a result of the study, the interrelations and distinctions among the special grounds applied in bankruptcy disputes are systematized, and the need to improve judicial practice is identified.

Keywords: invalidity of a transaction, bankruptcy proceedings, debtor, special grounds, case law

MPHTI: 10.23.47

Особые основания признания недействительными сделок должника в процедурах банкротства: теория и судебная практика

Асылбек Болатов¹

¹SDU University, Каскелен, Казахстан

email: 241401002@sdu.edu.kz

Аннотация

В статье анализируются специальные основания признания недействительными сделок должника в процедурах банкротства. Автор исследует правовую природу сделок в сфере банкротства, их влияние на имущественные отношения между должником и кредиторами, а также особенности их применения в судебной практике. В статье раскрывается содержание и специфика шести специальных оснований, предусмотренных пунктом 2 статьи 7 Закона Республики Казахстан от 7 марта 2014 года

№ 176-V «О реабилитации и банкротстве» (далее – Закон о банкротстве). Особое внимание уделено правовым последствиям неравноценного встречного исполнения, нарушения уставных полномочий, безвозмездной или заниженной передачи имущества, предпочтительных платежей и фиктивных сделок, что проиллюстрировано на примере конкретных судебных дел. Автор подробно рассматривает вопросы распределения бремени доказывания в судебной практике, использования результатов оценочной деятельности и определения рыночного соответствия цены сделки. Также анализируются стратегия предъявления исков управляющим по банкротству и подходы судов к оценке доказательств. В статье определяется правовое значение института признания сделок должника недействительными, формулируются выводы о его роли в защите интересов кредиторов и обеспечении принципов справедливости в процедурах банкротства. По результатам исследования

систематизированы взаимосвязи и различия специальных оснований, применяемых в спорах о банкротстве, и обозначена необходимость совершенствования судебной практики.

Ключевые слова: недействительность сделки, процедура банкротства, должник, специальные основания, судебная практика.